

<p>OÝTÚSTIK-QAZAQSTAN  <b>MEDISINA</b>  <b>AKADEMIASY</b>          «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN  <b>MEDICAL</b>  <b>ACADEMY</b>          АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 1 беті</p>

## ДӘРІС КЕШЕНІ

**ББ атауы:** 6B10101 «Жалпы медицина»

**Пән коды:** MAMSMQ 5301

**Пәннің атауы:** «МӘМС және медициналық құқық»

**Оқу сағаттары/кредиттерінің көлемі:** 150 сағат (5 кредит)

**Курс және семестрлік оқу:** 5 курс, 9 семестр

**Шымкент, 2023 ж.**

ОҢТҮСТИК-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>АҚ</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені	044-58/19 24 беттің 2 беті

Хаттама № «2» 26.09. 2023 ж.

Кафедра менгерушісі,  
м.ғ.к., доцент м.а.



Сарсенбаева Г.Ж.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 3 беті</p>

## 1. Тақырып №1. МС түрлері. МӘМС туралы № 405 16.11. 2015 ж ҚР заңы.

**2. Мақсаты:** Студенттерге медициналық сақтандыру түрлері мен МӘМС заңы туралы түсінік беру.

### 3. Дәрістің тезистері:

**Медициналық сақтандыру** - бұл жұмыс берушілердің, азаматтардың сақтық журнالары мен бюджеттік қаражаттар есебінен сақтандырылған адамдарға зиянның орнын өтеу үшін және медицина мекемелерінің шығындарының өтемакысын төлеу үшін ауырған, жарақат алған жағдайда денсаулықты қаржыландыру жөніндегі қатынастар. Ол әлеуметтік бағдарланған экономикасы бар елдердің сақтық қорғауы тұтас жүйесінің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады.

Медициналық сақтандырудың екі түрі бар: *міндетті* және *ерікті*.

**Міндетті медициналық сақтандыру** кезінде заңнамамен барлық азаматтар үшін бюджетке төленетін аударымдардың бірдей мөлшерлемесі белгіленеді, соның есебінен денсаулық сақтауға жұмсалатын ақшалай қор қалыптасады. Мұндай жүйе халықтың барлық жіктері үшін медициналық және дәрі-дәрмектік көмектің тен көлемі мен сапасын қамтамасыз етеді. Бірақ, бұл нысан, оның барлық артықшылықтарына қарамастан, Қазақстанда іске асырылмайды.

Міндетті медициналық сақтандыру дамыған елдердің көпшілігінде бар және азаматтардың денсаулығын қорғауға арналған конституциялық құқығын іске асыруға бағытталған.

Міндетті медициналық сақтандырудың құндылығы келісімшарт тәртібінің болуы, демек, келісімшарт орындалмаған кезде, сақтық қорғау мүмкіндігі, емделген ауру адамдардың санына қарай медициналық мекемелердің кепілденілген ақша алуы, медициналық жәрдем жақсы болса, бұл медициналық мекемеге аурулар көп келетіндіктен медициналық жәрдемнің сапасын арттыруға ұмтылуы және т.б. болып табылады. Дәрігерлер ауруды емдеуге ынталы болады; сөйтіп, медицинаға қалыптырыноктық қатынастар енгізіледі.

**Ерікті медициналық сақтандыру** міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне толықтыру болып табылады. Ол сақтық төлемақыларды, яғни медициналық қызмет көрсетуге жұмсалатын өтемді, жүзеге асыруды қарастыратын жеке басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып келеді. Сақтық полисінің құны қызметтердің ассортиментіне, емдеуге жататын сырқаттардың түріне, сақтандырылған ауруға қызмет көрсетілетін емдеу мекемелеріне байланысты болады. Ерікті медициналық сақтандырудың негізгі құндылығы қазіргі құрал-жабдықпен жарақталған және жоғары сыныптық мамандары бар клиникаларда сапалы медициналық жәрдем алу мүмкіндігі болып табылады.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ең дұрысы міндетті және ерікті медициналық сақтандырудың үйлесімі болып табылады.

Мысалы, АҚШ-та «Медикор» жүйесі - егде адамдар үшін, «Медикэйд» жүйесі - кедейлер, жұмыссыздар мен мүгедектер үшін; ГФР-де - сыркатты сақтандыру. Медициналық сақтандырудың шетелдік жүйелері, әдettегідей, өзін-өзі сақтандыру қағидатында (жұмыс берушілердің, жұмыскерлердің және мемлекеттің негізінен төменгі әкімшілік буынның қатысуы) жұмыс істейді және нысандары мен әдістерінің сан алуандығымен ерекшеленеді. Медициналық сақтық қорғаудың ұжымдық (сапалық), қоғамдық (мемлекеттік) және жеке (жекеше) жүйелері бар. Медициналық сақтандыру қорларына сақтық жарналарын төлеуде жұмыс берушілердің міндетті қатысуы заңнамада қарастырылған. Сақтық қорларын қалыптастыру, қызметтер көрсету сияқты, сақтаушылардың табыстарына, қор мекемесінің мәртебесіне, кейде сақтандырылғандардың жасына қарай сарапанған.

<p>ОҢТҮСТИК-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 4 беті</p>

МӘМС туралы заң №405 16.11.2015 жылы қабылданды.

### **МӘМС жүйесінің негізгі қағидалары:**

#### **Әмбебаптық:**

Тұрақты өмір сүретін тұрғындардың барлығы қатысуы тиіс (жалпыға бірдей қамту)  
Әрқайсыны жарна төлеуі тиіс (не болмаса ол үшін мемлекет төлейді)

#### **Әлеуметтік әділдік:**

экономикалық белсенді халықтың жарналары төлем қабілеттілігіне, яғни табысына байланысты

экономикалық белсенді емес адамдар үшін мембюджет жалпы салықтан төлейді

#### **Ынтымақтастық:**

Әрбір сақтандырылған адамның төлеген жарнасының сомасына қарамастан  
МӘМС төлейтін мед.көмекке құқы бар

#### **Әділеттілік өлшемдері:**

*Сатылас* – әркім өзінің табысына қарай төлейді:

Үдемелі, табыстың белгіленген деңгейіне (шегіне) жеткенде тариф азаятын болса

*Денгейлес* – табысының деңгейлері бірдей барлық адамдар бірдей жарна төлейді:

Горизонтальді әділдік әртүрлі ерекшеліктер мен жеңілдіктерді бұзады.

#### **Медициналық сақтандырудың қағидалары:**

Медициналық сақтандыруға барлық тұрғындар жатады (жұмысшылар және жұмыссыздар).

Әрбір тұлғаның қосымша медициналық сақтандыруға құқығы бар.

Медициналық сақтандыру шартында әрбір тұлға сақтандырушы мекемені, емдік – профилактикалық мекемені, дәрігерді таңдауға құқығы бар.

#### **4. Иллюстрациялық материалдар: слайдтар**

#### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

1. Медициналық сақтандырудың қандай түрлерін білесіздер?
2. ҚР-да МӘМС заңы қашан қабылданды?
3. Бұл заң не себепті әлеуметтік деп аталады?
4. ҚР аумағында тұратын шетелдіктер осы заң аясында медициналық көмек алуға құқығы бар ма?
5. МӘМС негізгі қағидаларын атаңыз.

#### **1. Тақырып №2. ӘМС енгізудің алғышарттары, мақсаттары. Ғаламдық денсаулық сақтау үлгілері.**

**2. Мақсаты:** Студенттерді дүниежүзіндегі денсаулық сақтау үлгілерімен таныстыру.

#### **3. Дәрістің тезистері:**

Тұңғыш Президенттің институционалдық реформалары: 100 нақты қадам атты жолдауының 80 қадамында МӘМС енгізу көзделген.

80. МІНДЕТТИ ӘЛЕУМЕТТИК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕҢГІЗУ. Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын қүшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады.

#### **МӘМС енгізудің мақсаттары:**

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/19
Дәріс кешені	24 беттің 5 беті

- өз денсаулығын нығайту және халықтың денсаулығын сақтау ауыртпалығын бөлу жолымен қоғамдық ынтымақтастыққа қол жеткізу;
- жүйенің сыртқы факторларға және шығындардың өсуіне тұрақтылығын қамтамасыз ету және жүйенің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету жолымен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі, толықтығы мен сапасының түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу және жоғары құзыреттілікті және жүйенің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету арқылы жүйенің тиімділігін арттыру.

Әлемдік тәжірибеде медициналық сақтандыру жүйесінің бірнеше модельдері бар және соған орай өзіндік ерекшеліктерге ие. АҚШ-та ерікті медициналық сақтандыру енгізілген. Құрама Штаттардағы медициналық сақтандыру толықтай дерлік жұмыс беруші тарапынан қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда ерікті түрде халықтың 60%-ы медициналық сақтантандырылған. Израильде денсаулық сақтау ұйымдарының ең үздік заманауи технологиялардыбылай қойғанда, жан басына шаққандағы дәрігерлердің көптігі жағынан да алдыңғы қатарда екенін атап өту керек. Сонымен қатар, Израиль өмір сүру ұзақтығынан да алда. Әйелдер үшін бұл 79,4 жас болса, еркектер арасында — 75,5 жас. Ал нәресте өлімі жағынан ең тәменгі орында. Израильдегі медициналық сақтандырудың бір ерекшелігі-халықтан денсаулық сақтау салығы ретінде міндеттелген. Міндетті медициналық салық заңдастырылғандықтан, елде медициналық қызмет көрсету де ақысыз. Азаматтарға ұсынылатын тегін науқастық кассада барлық сырқаттың емі мен дәрі-дәрмегі қарастырылған. Алайда органдардың трансплантациясы, шетелде емделу, дәстүрлі емес емделу мен тіс дәрігерінің жеңілдіктеріне азаматтар қосымша ақы төлейді. Италия үкіметі азаматтардың денсаулық сақтауына көбірек қаражат бөледі.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы 191 елдің денсаулық сақтау саласын жете зерттеп, Францияға ең үздік деп баға берген. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінде жиырмадан астам сақтандыру түрлері бар. Францияда заңнама бойынша сақтандырудың бірыңғай тәртібі белгіленген. Француз халқының 80%-ы міндетті сақтандырумен қамтылған. Құрамына 90 сақтандыру компаниясы кіретін сақтандыру жүйесі ортақ ұлттық ұйым тарапынан қадағаланады. Қаржы сақтандыру салықтары арқылы толтырылады, бұл қор көлемінің 90%-ын құрайды. Сонымен қатар Францияда міндетті мемлекеттік сақтандырумен қатар қосымша сақтандыру мен жергілікті сақтандыру қорлары да бар. Жергілікті сақтандыру қорлары арқылы медициналық көмекті сақтандырылмаған азаматтар алады. Францияда ондай азаматтар халықтың бар-жоғы 2%-ы ғана деседі.

1883 жылы Германия канцлері Отто фон Бисмарктың бастамасымен медициналық сақтандыру туралы арнайы заң жобасы қабылданған. Бұл жүйені кейінірек бірқатар Еуропа елдері де тәжірибелеріне енгізген. Батыс Еуропа елдері негізінен міндетті медициналық сақтандыруға басымдық береді. Германия, Австрия, Франция, Бельгия, Нидерланды, Швеция, Швейцарияда міндетті медициналық сақтандырудың алдын ала төлемін занмен бекіткен. Германияның бір жарым ғасырдай тарихы бар сақтандыру жүйесінің бір ерекшелігі - сақтанушының жеке басы ғана емес, сонымен қатар, отбасы мүшелері де оның полисін пайдалана алады. Медициналық сақтандыру құны жартылай жұмыс беруші тарапынан, жартылай жұмысшының өзінің қалтасынан төленеді. Германия үкіметі медициналық сақтандыруды мүлде мойнына алмайды. Мемлекеттің бар міндеті - жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Тек халықтың 2%-ын құрайтын белгілі бір топтың медициналық сақтандырылуы ғана мемлекеттің мойнында. Елдің 80-ы міндетті медициналық сақтандыруға жүгінсе, 8%-ы - жекеменшік сақтандыру компанияларының тұтынушылары.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 6 беті</p>

Қазақстандағы сақтандырудың негізгі ерекшелігі - барлық әлемдегі тәжірибелі зерттеей келе көптеген тиімді жақтарын қарастырган. Біріншіден, әлеуметтік әлсіз топтар, балалар, жұмыссыздар, студенттер, мүмкіндігі шектеулі азаматтар медициналық қызметті тегін пайдаланады, екіншіден, төлемдерді тек жұмыс берушілер мен қызметкерлер жүзеге асырады, мемлекет құқықтық реттеу мен қадағалауды жүзеге асырады, үшіншіден, әр жылда сатылап көшуді қарастырады. Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру енгізіледі. Мемлекет оны Германияның моделіне сүйене отырып енгізуі жоспарлап отыр.

2015 жылдың қарашасында **«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы»** Заң жобасы Парламентте талқыланды. Заң жобасына сәйкес азаматтарға медициналық қызметтің 2 түрлі пакеті ұсынылады: Бірінші - республикалық бюджеттен қаржыландырылатын медициналық көмектің мемлекет кепілдендірген көлемін ұсынатын базалық пакет. Ол Қазақстанның барша азаматтары үшін қолжетімді болмақ. Пакеттің күрамына жедел жәрдем қызметі, санитарлық авиация, әлеуметтік маңызды ауруларға, сондай-ақ төтенше жағдайларда, профилактикалық екпе кезінде көрсетілетін медициналық көмек кіреді. 2020 жылға дейін өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындарға республикалық бюджеттің есебінен амбулаторлық-дәрілік қамтамасыз етілетін амбулаторлық-емханалық көмек көрсету қарастырылған.

#### 4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

#### 5. Эдебиет: 1-қосымшаны қара

#### 6. Бақылау сұраптары (көрі байланыс):

1. МӘМС алғышарттары қандай құжатта көрсетілген?
2. МӘМС мақсаты неде?
3. Әлемдегі денсаулық сақтаудың модельдерін атаңыз.
4. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік үлгісінің артықшылығы мен кемшілігі неде?
5. Денсаулық сақтаудың қоғамдық үлгісінің артықшылығы мен кемшілігі неде?
6. Денсаулық сақтаудың жеке үлгісінің артықшылығы мен кемшілігі неде?

#### 1. Тақырып №3. МӘМС жағдайында қаржыландыру көздері.ӘМС Қоры.

2. Мақсаты: Студенттерге МӘМС-ті қаржыландыру жайлы ақпарат беру.

#### 3. Дәрістің тезистері:

##### АЛЫМДАР МЕН ТӨЛЕМДЕР

Мемлекеттің МӘМС-КЕ салымдары:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4 %

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4 % кем емес, 5 % аспауы тиіс.

Ағымдағы қаржыландырудың алдыңғы екі жылының орташа айлық еңбекақысынан аударады.

Жұмыс берушілердің МӘМС-КЕ аударымдары

2017 жылғы 1 шілдеден бастап – 1 %

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5 %

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 %

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3 %

Қызмет берушінің шығындарынан еңбекақы түрінде қызметкерге төленетін төлем.

Жұмысшылардың МӘМС-КЕ салымдары

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1 %

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 7 беті</p>

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – **2 %**

Өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұрғындардың салымдары

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – **5 %**

Жеке кәсіпкерлер үшін кірістерден;

Кіші бизнес субъектілері үшін арнайы салық режимін пайдаланатын жеке кәсіпкерлер үшін: бір минималды енбекақы көлемінен;

Жеке нотариустер, жеке сот атқарушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар үшін кірістің барлық түрінен алынады.

### **Сақтандыру аударылымдары мен жарналары Қорға келесі табыс тұрлерінен үсталмайды:**

іссапарлар және жұмыстың жол жүру сипатына арналған өтемақы;

қызметкерлердің далалық жабдықталым ақшасы;

Бюджет қаржысынан жұмыскерлердің жол шығындары, олардың окуына, жәрдемақыларына жұмсалған қаржылар, өтемақылар;

оңалтуға арналған демалысқа төлем, денсаулық сақтау қызметтеріне ақы төлеуге төлемдер, 8 ең тәменгі жалақы (ЕТЖ) мөлшері шенберіндегі баланың тууына байланысты, жерлеуге байланысты төлемдер.

Шәкіртақылар.

Сақтандыру сыйақылары.

### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. МӘМС жағдайында қорға ақшаны кім аударады?

2. Жарналар төлеуден кім босатылады?

3. Қорды кім басқарады? Қандай мамандар жұмыс істейді?

4. Қор активінің инвестицияларын кім жүзеге асырады?

### **1. Тақырып №4. ӘМС көрсетілетін қызметтер пакеті.ӘМС аясында көрсетілетін қызметтерді сатып алуың ерекшеліктері.**

**2. Максаты:** Студенттерге ӘМС жағдайында көрсетілетін медициналық қызмет пен қызмет тұрлерін сатып алу ерекшеліктерін түсіндіру.

### **3. Дәрістің тезистері:**

### **МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтарға көрсетілетін медициналық көмек тұрларі**

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек амбулаторлық және стационарлық жағдайда тегін көрсетіледі. Оған профилактика, диагностика, аурулар мен жағдайларды өмдеу, жүктілікті бақылау, медициналық манипуляциялар кіреді.

➤ **Мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекке** арнайы әдістердің қолдануды және күрделі медициналық технологияларды қажет ететін профилактика, диагностика және өмдеу шаралары кіреді.

➤ **Жедел медициналық көмек** шұғыл және күттірмейтін жағдайларда медициналық үйімдардан тыс, ал шұғыл медициналық араласуды қажет ететін жағдайларда (келенсіз жағдайлар, жаракаттар, улану, күрделі науқастардың кенеттен асқынуы) амбулаторлық немесе стационарлық жағдайда көрсетіледі.

➤ **Жоспарлы медициналық көмек** стационарлық жағдайда пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін аурулар кезінде көрсетіледі.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 8 беті</p>

- **Дәрілік қамтамасыз ету – амбулаторлық-емханалық көмек көрсету кезінде.**
- **Мейірбикелік күтім – ауру салдарынан өз-өзіне қызмет ете алмайтын, бөгде адамның әрдайым күтіміне немесе қарауына мұқтаж тұлғаларға.**
- **Паллиативтік көмек – жазылмайтын, өміріне қауіп төндіретін, ауру барысы ауыр науқасқа шалдықкан пациенттің өмір сапасын барынша жақсартуға бағытталған.**

#### **Мемлекет келесі медициналық қызмет түрлерін тегін қамтамасыз етеді:**

- Жедел медициналық көмек пен санитарлық авиация:
- Әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу барысындағы медициналық көмек (қатерлі ісік аурулары, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және шұғыл жағдайларда.
- Профилактикалық вакциналау.

Медициналық қызметтер пакеті МӘМС-тің басты компоненті болып табылады.

Әлемдік тәжірибе әрбір елдің өз елдерінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін негізге ала отырып, қызметтер пакеттерін қалыптастырылғыны көрсетеді.

Германияда МӘС есебінен бірыңғай және кең пакет бар. Бұл ретте жылына 49,5 мың Еуро (бұл ел халқының 11%-ы) астам табысы бар адамның құқығына жеке сақтандырудың баламалы пакеті бар. Литвада, Польшада, Венгрияда және Молдовада барлық сақтандырылған МӘМС үшін кең бірыңғай пакет қолданылады. EMC осы елдерде ең аз рөлді атқарады.

Нидерландының МӘМС шеңберінде екі пакеті бар: барлық халық үшін стандартты пакет және созылмалы аурулар жағдайына, күтіміне және т.с.с. егде жастағы адамдар үшін қосымша пакет.

Ресейде барлық азаматтар үшін мемлекет кепілдік берген пакет және сақтандырылған азаматтар үшін ММС шеңберінде базалық пакет қабылданды.

Конституцияның нормаларына сүйене отырып Қазақстанда мыналар айқындалды: барлық халық үшін ТМККК пакеті және сақтандырылған адамдар үшін МӘМС пакеті.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімге отырған медициналық үйымдар туралы ақпаратты төмөндегідей жағдайда білуге болады.

Медициналық сақтандыру қорының ресми сайтында келісімшарт жасалған медициналық үйымдардың тізімі орналастырылатын болады. Сондай-ақ, қордың ақпараттық қызметтерінен мәлімет алуға мүмкіндік бар. Жалпы, медициналық үйымдардың тізімі облыстық және қалалық денсаулық сақтау басқармаларының сайттарында қолжетімді. Қормен келісімшарт жасалған мекемелердің кіре берісіндегі маңдайшаларына арнайы эмблема қойылады. Сол арқылы үйымды ажыратуға мүмкіндік болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу кезінде:

- 1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес денсаулық сақтау саласында аккредиттеуден өткен;
- 2) көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүзеге асырылған айдың алдындағы үш жыл бойы Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз тиісті медициналық көмек ұсыну тәжірибесі бар денсаулық сақтау субъектілері басым құқыққа ие болады.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

#### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. ҚР-да медициналық пакеттің неше түрі бар?
2. Шетелдерде медициналық қызмет қалай көрсетіледі?
3. ТМККК-не қандай көмек жатады?

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</b>	<b>044-58/19</b>
<b>Дәріс кешені</b>	<b>24 беттің 9 беті</b>

4. Елімізде сақтандырылған азаматтарға медициналық көмектің қандай түрлері көрсетіледі?
5. Медициналық қызметті сатып алу ерекшеліктері қандай?
6. Медициналық қызметті сатып алу кезінде қандай мекемеге басымдық беріледі?

**1. Тақырып №5.** Медициналық қызметке ақы төлеудің жаңа нұсқасы. Covit-19 жағдайында мед. қызметкерлерін ынталандыру тәртібі.

**2. Мақсаты:** Студенттерді МӘМС жағдайында медициналық қызметкерлерге ақы төлеудің жаңа нұсқасымен таныстыру.

### **3. Дәрістің тезистері:**

Амбулаториялық-емханалық көмекке ақы төлеу тарифтері:

- Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативі;
- Медициналық қызметтердің тарификаторы (бағалар преискуранты).

**Амбулаториялық-емханалық көмек (АЕК) көрсетудің кешенді жан басына шаққандағы нормативінің (КЖШН) құрылымы**

**АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі (КЖШН)**

#### **1. Кепілдендірілген бөлігі**

##### **A. Барапқы медициналық-санитариялық көмек (БМСК)**

- Дәрігердің қабылдауы (учаскелік және жалпы тәжірибе дәрігерлері)
- Дәрігердің үйде қарауы
- Дәрігерге дейінгі кабинеттің қызметі
- Медбикелердің қызметі
- Медбикелердің үйде қарауы
- Әлеуметтік жұмысқердің және психологияның қызметтері
- Профилактика және СӨС бойынша қызметтер
- Шұғыл медициналық көмек
- Клиникалық зерттеулер
- Иммун профилактикасы
- Манипуляции (тамырға, бұлшық етке)
- Иммобилизация (дәке тану, шина қою)

##### **B. Кеңес беру-диагностикалық көмек (КДК)**

###### **Қызметтері:**

Нақты маманның қабылдауы

Медбикелердің қызметтері

Биохимиялық зерттеулер

Рентген зерттеулері

- УДЗ

- ЭКГ

- ФГДС

• Соның ішінде халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтары үшін зерттеулердің қымбат тұратын зерттеулері

#### **2. Үнталандырушы бөлігі(100 теңге)**

Жан басына шаққандағы ынталандырушы компонент (ЖШЫК)

###### **Нәтижесі үшін төлем**

1. БМСК деңгейінде ана өлім-жітімінің алдын алу;
2. БМСК деңгейінде 7 күннен 5 жасқа дейін балалар өлім-жітімінің алдын алу;

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 10 беті</p>

3. Қатерлі ісіктерді визуалды окшаулау;
4. Өкпе құртын уақтылы диагностикалау;
5. Қан айналымы жүйесі ауруларының асқынуларымен ауруханаға жатқызу;
6. Негізделген шағымдар.

### **Стационарлық және стационаралмастыруышы көмектерді төлеу тарифтері**

- Шығын көлемі коэффициентін ескеріп клиникалық-шығындық топтары бойынша бір емделіп шығу жағдайының тарифи;
- Бір күндік төсек-орын тарифи;
- Орташа құн есебі бойынша бір емделіп шығу жағдайының тарифи;
- Медициналық-экономикалық тарифтер бойынша бір емделіп шығу жағдайының тарифи;
- Нақты жұмысалған шығын бойынша бір емделіп шығу жағдайының тарифи

#### **4. Иллюстрациялық материал:** слайдтар

#### **5. Әдебиет:** 1-қосымшаны қара

#### **6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):**

1. Амбулаториялық-емханалық көмекке ақы төлеу тарифтерін есептеу кезінде не ескерледі?
2. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек құрамына не кіреді?
3. Кеңес беру-диагностикалық көмек қызметінің түрлерін атаіз.
4. Үнталандыруышы компоненттің сомасы қанша және не үшін төленеді?
5. Стационарлық және стационаралмастыруышы көмектерді төлеу тарифтері қалай жүргізіледі?

#### **1. Тақырып №6. ӘМС шеңберінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.Медициналық қызметтердің сапасын бағалау.**

**2. Мақсаты:** МӘМС және ТМКККаясында Қазақстан Республикасында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету саясатын менгеру.

#### **3. Дәрістің тезистері:**

Медициналық көмектің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту мақсатында Ұлттық дәрі-дәрмек саясаты (бұдан әрі - ҰДС) іске асырылуда.

Фармацевтика саласының дамуы дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы, тиімділігі мен қауіпсіздігі қағидаттарына негізделген, болып жатқан интеграциялық процестер жағдайындағы денсаулық сақтау жүйесінің, қазақстандық қоғамның, фармацевтика нарықтарының заманауи талаптарын ескере отырып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің пациентке бағдарланған моделін құруға бағытталатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы ҰДС-мен айқындалады.

ҰДС-ны іске асыру мынадай маңызды міндеттерді:

- 1) дәрілік заттардың қолжетімділігін қамтамасыз етуді;
- 2) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 3) дәрілік заттардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз етуді іске асыруға арналған іс-шаралар кешенін әзірлеуді, орындауды және тиімділігін мониторингтеуді көздейді.

**Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналықтехниканың қолжетімділігін қамтамасыз ету**

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 11 беті</p>

Дәрілік заттардың қолжетімділігі Қазақстан Республикасы мен ЕАЭО елдерінің аумағында пайдалануға рұқсат ету үшін дәрілік заттарды кешенді іріктеу жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы мақсатта дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу жүйесі жетілдіріледі, тиісті өндірістік практика стандарттары бойынша өндірілген дәрілерді тіркеу рәсімі жеңілдетілуде.

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың экономикалық және физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында сатып алу тетіктері жетілдірілуде.

Шалғай аудандардағы халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру үшін жылжымалы ұтқыр дәріхана пункттері жүйесі дамытылады.

Қолжетімділікті арттыру, импортқа тәуелділікті төмендету және денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында отандық өндірістің дәрілік заттарының, медициналық мақсаттағы бұйымдары мен медициналық техникасының айналымын жүйелі мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуде.

Халық үшін дәрілік заттардың экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар іске асырылада.

Сыртқы және ішкі референтті баға белгілеуге, дәрілік заттарды сатып алу жүйесін жоспарлауды жетілдіруге және оларды ұтымды пайдалануға негізделген әлемдік озық тәжірибелі пайдалана отырып, дәрілік заттарға бағаны мемлекеттік реттеуді жетілдіру жолымен мемлекеттік шығындардың өсуін тежеудің тиімді тетіктері енгізіледі.

Сондай-ақ, амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен тегін қамтамасыз етуді (АДҚ) кеңейту шеңберінде азаматтардың мұндай дәрілік заттардың құны мен өтеудің белгіленген шекті бағасындағы айырманы бірлесіп төлеуінің негізінде халықтың неғұрлым қымбат препараттарды таңдау мүмкіндігі қаралуда.

### **Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Лайықты фармацевтикалық практикаларды енгізу жолымен дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз ету жүйесін енгізу бойынша шаралар қабылданады.

Отандық дәрілік заттардың өндірісі, дәрілік заттар логистикасы мен сақталуының сапасы міндетті түрде GMP және тиісті дистрибуторлық практика стандарттарына өтүмен қамтамасыз етіледі.

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасын сараптау саласындағы халықаралық талаптарға сай келетін референс-зертханалар құрылады және жарақтандырылады.

Дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету де тиісті клиникалық практика стандарттары бойынша клиникалық сынақтар өткізумен қамтамасыз етіледі. Дәрілік заттардың сапасын жоғарылату мақсатында Қазақстан Республикасында жаңа дәрілік заттарға клиникалық сынақтар жүргізуі қолдау, сондай-ақ клиникалық базалардың ғылыми және техникалық әлеуетін арттыру жөніндегі шаралар кешені әзірленеді.

Жоғарыда көрсетілген стандарттарға сәйкестікті бақылау мақсатында дәрілік заттар айналымы саласындағы объектілер мен денсаулық сақтау ұйымдарының тиісінше фармацевтикалық практикаларға сәйкестігін бағалау, тұрақты оқыту жүргізе отырып өндірістердің, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулердің, фармакологиялық қадағалау жүйесінің инспекцияларын жүргізу үшін мемлекеттік фармацевтикалық инспекторат дамытылады. Қазақстанның Халықаралық фармацевтикалық инспекциялардың ынтымақтастық жүйесіне (бұдан әрі - PIC/S) кіруі аяқталады.

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 12 беті</p>

Отандық дәрілік заттарды өндірушілер сыртқы нарыққа шығуы және СРР сертификатын алуды үшін ДДҮ сертификаттау жүйесіне кіру жүзеге асырылады.

Сондай-ақ халықаралық GSI стандарттарын үйлестіру, денсаулық сақтау саласындағы басшылар мен мамандарды халықаралық GSI жүйесінде автоматты түрде сәйкестендіру бойынша оқыту жүзеге асырылатын болады.

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымын мемлекеттік реттеудің және сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі заңнамалық тәртіппен қүшейтілетін болады.

### **Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ету**

Дәлелді медицинаны әрі қарай дамыту дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ету үшін негіз болады.

Осы мақсатта Қазақстанның ұлттық дәрі-дәрмек формулярын (ҚҰФ) енгізу және қолдау жолымен формулярын ұттық дәрі-дәрмек формулярын қолданылуын қамтамасыз ету үшін негіз болады. Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрі-дәрмек формулярын ҚҰФ негізінде жасақталып, жекелеген, неғұрлым қымбат дәрілік заттарға қатысты қолданылуын тұрақты түрде мониторингтеу және тиімділігін бағалау негізінде ұдайы жетілдіріліп тұратын болады.

Денсаулық сақтау ұйымдарында қаржы қаражатын жұмысауды клиникалық-экономикалық талдау ескеріле отырып, дәрілік заттарды ұтымды қолдануға толыққанды мониторинг жүргізу және талдау жасау қамтамасыз етіледі.

Медициналық ұйымдарды клиникалық фармакология мамандарымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылады. ҰДС орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ұйымның меншік нысанына қарамастан, медициналық ұйымдардың мамандарын дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға жаппай оқыту бағдарламасы әзірленіп, іске асырылатын болады.

Барлық қатысушы тараптардың жауапкершілігін арттыра отырып, дәрілік заттарды өткізуін әдеп нормалары енгізіледі.

Ұлттық дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы болып қайта ұйымдастырылатын Дәрі-дәрмек ақпараттық орталығы арқылы медициналық және фармацевтикалық қызыметкерлер мен тұрғындардың дәрілік сауаттылығын арттыру жөнінде іс-шаралар жүргізіледі.

Жоғарыда аталған шараларды тиімді іске асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның міндеттері мен функциялары талданып, қайта қаралатын болады.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

#### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. ҰДС-н алдына қойған міндеттері қандай?
2. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың қолжетімділігін қамтамасыз ету қалай жүзеге асырылады?
3. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай іс-шаралар жоспарлануда?
4. Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың ұтымды қолдану үшін не істеу қажет?

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 13 беті</p>

## 1. Тақырып №7.Медициналық құқық түсінігі және жүйесі. Медициналық қызмет саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу әдісі.

**2. Мақсаты:** Студенттерді құқықтық реттеуді жетілдіру және медициналық құқық әдістерімен таныстыру.

### 3.Дәрістің тезистері:

Медициналық қызметті құқықтық реттеу және денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан азаматтарының құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау проблемасы ерекше мәнге ие. Мұның негізгі себептері медициналық заңнаманың жетілмелегендігі, денсаулықты қорғауды қамтамасыз етудің нақты құқықтық механизмдерінің жоқтығы, медициналық персоналдың заңды нигилизмі және халықтың құқықтық сауатсыздығы, пациенттің, медицина қызметкерінің әлеуметтік-құқықтық осалдығы. Отандық денсаулық сақтау саласындағы жағдайды сапалы жақсартудың негізгі бағыттары:

- денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру (заңнамалық деңгей);
- медициналық құқықты дербес құқық саласы ретінде тану (ғылыми және теориялық деңгей).

Бірқатар теориялық проблемаларды әзірлемей, құқықтық реттеуді жетілдіру мүмкін емес. Бұл ең алдымен құқықтық реттеу нысанын негіздеу мен әдістерін тандауға, әртүрлі құқықтық актілердің арақатынасы мен өзара іс-қимылын белгілеуге, азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы заңдық жауапкершілік мәселелерін шешуге қатысты.

Профилактикалық, санитарлық және фармацевтикалық қызметтердегі ақылы емдеу, денсаулық сақтаудағы жаңа шаруашылық тетігін құруға сөзсіз әкеледі. Ол экономикалық және заңдылыққа негізделген медициналық қызметтер мен процедуралардың құнын, таралтар арасындағы шарттық қатынастарды, теріс нәтиже үшін, сондай-ақ дұрыс емес емдеу арқылы сақтандырылған пациенттердің денсаулығына келтірілген зиян үшін заңды жауапкершілікті есептеу. Сақтандыру медицинасы жағдайында жауапкершілік емдеу-алдын алу мекемелері мен медицина қызметкерлеріне, әсіресе пациенттің денсаулығына олардың қызметі нәтижесінде зиян келтірілген жағдайларда жүктеледі. Емдеудің қолайсыз нәтижесіне байланысты сараптама комиссияларының қылмыстық істер материалдарын зерделеуі олардың 27,9% – да дәрігерлік қателіктерден, 8,5%-да медициналық қызмет үшін тиісті жағдайлардың жоқтығынан және 7,4% - да емдеу-алдын алу мекемелері қызметкерлерінің теріс пиғылынан болғанын көрсетті. ҚР Конституциясының 29-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын, заң шығарушы және атқарушы биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметін айқындайды және сот төрелігімен қамтамасыз етіледі.

ҚР Конституциясы мен басқа да құқықтық актілерде азаматтардың өмір сүру құқығы, денсаулығы мен оны қорғау құқығы, жеке өміріне қол сұқпау, жеке басының құпиясына құқығы бар делинген. Денсаулықты сақтау және жақсарту адамның ең бірінші өмірлік қажеттілігі болып табылатындықтан, онда оның барлық тыйым салынбаған тәсілдермен қанағаттандыру ең алдымен азаматтардың жеке өмірі саласына жатады. Сондай-ақ, аурулардың алдын алуша, адамдарға дәрменсіз күйде және жекелеген жағдайларда медициналық көмек көрсетуде қоғамдық денсаулықты қамтамасыз етуде көпшілік мұддесі ескерілуі тиіс.

Мұндай қатынастар азаматтардың келісім беру және медициналық араласудан бас тарту, емдеуші дәрігерді тандау, емдеу тәсілін тандауға қатысу құқығындағы жеке-құқықтық

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p><b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 14 беті</p>

реттеу элементтерін қамтиды. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыш негіздерін, имандылықты, денсаулықты, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қажетті шамада ҚР Зандарымен шектелуі мүмкін. Бұл норманы іске асыру мәжбүрлеп емдеуге, мысалы, "ҚР-да адамның иммундық тапшылық вирусы (АИТВ-инфекциясы) тудыратын аурудың таралуының алдын алу туралы" Занда, "Психиатриялық көмек және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына кепілдік беру туралы" Занда көзделген шараларды айтуға болады. Бұл медициналық қатынастардың барлығы мемлекеттік (әкімшілік) құқық саласына жатады. Олардың қатысушылары уәкілетті органдар мен мекемелер, оларға азаматтарға заңмен ұйғарылған іс-шараларды орындау міндеті жүктеледі және арнаулы кепілдіктер мен бостандықтар беріледі.

Медициналық қатынастарды құқықтық реттеуде үш тәсіл қалыптасқан: әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және аралас – әлеуметтік-құқықтық әдістер.

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеудің әкімшілік-құқықтық әдісі аса маңызды рөл атқаруда, өйткені мұнда көптеген қатынастар әкімшілік актілермен регламенттеледі: ережелер, нұсқаулықтар және т.б. Мұндай актілер медициналық қызметкерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін, емдеу, санитарлық-профилактикалық іс-шаралардың «технологиясын», денсаулықты сақтау саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтайды.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

#### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Медициналық құқық нені зерттейді?
2. Медициналық құқықтың қандай тәсілдерін білесіз?
3. Медицинада құқықтық реттеуді жетілдірудің жолдарын атаңыздар.

#### **1. Тақырып №8.Медициналық сараптаманың құқықтық негіздері.**

**2. Мақсаты:** Студенттерге медициналық сараптаманың түрлері мен құқықтық негіздері туралы ақпарат беру.

#### **3. Дәрістің тезистері:**

#### **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ САРАПТАМА ТҮРЛЕРИ**

1. Денсаулық сақтау саласындағы сараптама азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың мынадай түрлері:

- 1) медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама;
- 3) әскери-дәрігерлік сараптама;
- 4) сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалар;
- 5) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;
- 6) дәрілік заттар мен медициналық бүйімдарға сараптама;
- 7) ғылыми-медициналық сараптама;
- 8) аурудың қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен байланысына сараптама;
- 9) денсаулық сақтау технологияларын бағалау жүзеге асырылады.

**Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама**

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 15 беті</p>

1. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жеке тұлғаның еңбекке жарамсыздығын ресми тану және оны ауыру кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босату мақсатында жүргізіледі.

2. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын және анықтамасын беру тәртібін үекілетті орган белгілейді.

#### Әскери-дәрігерлік сараптама

1. Әскери-дәрігерлік сараптама денсаулық жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтегі, ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, өртке қарсы қызмет органдарындағы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтегі, прокуратура органдарындағы, мемлекеттік кіріс органдарының экономикалық тергеу қызметтіндегі қызметке жарамдылықты анықтау үшін, сондай-ақ азаматтардың әскери қызметті немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы қызметті және әскери жиындарды өткерумен байланысты ауруының, мертігінің (жаралануының, жарақаттануының, контузия алууының) және қайтыс болуының себепті байланыстарын айқындау үшін жүргізіледі.

#### 2. Әскери-дәрігерлік сараптама:

##### 1) мыналарды:

шақыру учаскелеріне тіркелетін, әскери қызметке немесе әскери жиындарға шақырылатын және әскери (арнайы) оқу орындарына, республикалық әскери мектеп-интернаттарға (лицейлерге) түсетін азаматтарды;

әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке, оның ішінде келісімшарт бойынша қызметке кіретін азаматтарды;

әскери қызметті шақыру бойынша немесе келісімшарт бойынша өткеретін әскери қызметшілерді;

арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін;

әскери (арнайы) оқу орындарының, арнаулы мемлекеттік органдары оқу орындарының курсанттарын, кадеттер мен тәрбиеленушілерді;

радиоактивтік заттармен, ионданышруши сәулелену көздерімен, зымыран отыны компоненттерімен, электр-магниттік өріс көздерімен қызметке ірікте алынатын және қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерін;

мемлекеттік авиацияның авиация персоналын;

әскери жиындарға, арнаулы мемлекеттік органдар жиындарына немесе әскери қызметке, арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызметке шақырылған кезде немесе есепке алу мақсатында запастағы азаматтарды медициналық куәландыру кезінде;

2) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіретін азаматтарға психологиялық-физиологиялық іріктеуді жүзеге асыру кезінде;

3) әскери қызметті немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті өткерген әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің немесе азаматтардың мертігінің, ауруының себепті байланыстарын айқындау кезінде;

4) азаматтар әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметтен босатылған кезде олардың денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамдылық санатын айқындау кезінде;

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p> <p>Дәріс кешені</p>	<p>044-58/19</p> <p>24 беттің 16 беті</p>

5) әскери қызметшілердің, әскери міндеттілердің, қызметкерлердің әскери қызмет немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметі кезеңінде не әскери қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, құқық қорғау органдарындағы әскери қызметтөн босатылғаннан кейін әскери қызметті немесе арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметті өткери кезеңінде мертігіүі, ауруы салдарынан қаза табуының себепті байланыстарын айқындау кезінде жүргізіледі.

3. Әскери-дәрігерлік сараптама органдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, арнаулы мемлекеттік органдарда және ішкі істер органдарында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізеді.

Арнаулы мемлекеттік органдар үшін әскери-дәрігерлік сараптаманы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының және Мемлекеттік күзет қызметінің әскери-дәрігерлік сараптама органдары жүргізеді.

#### **Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалар**

1. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамаларды тағайындау мен жүргізу дің процесстік тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтуралы кодексінде белгіленген.

2. Көрсетілген сот сараптамасы түрлерін үйімдастырудың және сот-сараптама қызметі туралы заңнамасында белгіленген.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың қандай түрлерін білесіздер?
2. Уақытша еңбекке жарамсыздыққа сараптама жүргізу тәртібі қандай?
3. Әскери-дәрігерлік сараптама қандай мақсатта жүргізіледі?
4. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамаларды жүргізу тәртібі қандай заңды құжаттарда көрсетілген?

**1. Тақырып №9.ҚР Денсаулық сақтау және медицина туралы заңнамасы.Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтары.**

**2.Мақсаты:** Студенттерді денсаулық сақтау саласының нормативтік-құқықтық базалары және нормативтік актілерімен таныстыру.

#### **3.Дәрістің тезистері:**

Денсаулық сақтау заңнамасының құрылымы кешенді білім беру ретінде ҚР Конституциясын және оның ережелерін нақтылайтын бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қамтиды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабында Қазақстан мемлекетінің негізгі міндеттерінің бірі адамдардың денсаулығын қорғау, адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау міндеті анықталып, Қазақстан азаматтарының өмірі мен денсаулық құқықтары бекітілген. Мемлекет халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі жалпы нормативтік актілер кешенінде осы міндеті нақтыланды, олардың ішінде (өзінің маңыздылығы бойынша) мыналарды бөліп көрсету қажет:

- "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі .
- «Туберкулез кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 994 бұйрығы

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 17 беті</p>

- «ҚР алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» ҚР ДСӘД Министрінің 2016 жылғы 03 ақпандағы № 85 бұйрығы
- «ТМККК және МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникины, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 347 Қаулысы
- «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандығы № 128 бұйрығы
- «ҚР тіндерді және ағзаларды транспланттау бойынша медициналық қызметтерді және донорлар мен реципиенттерге медициналық көмектің басқа да түрлерін көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын және Тіндерді және ағзаларды алу, дайындау, сақтау, консервациялау және тасымалдау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 13 бұйрығы
- «ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 арналған мемлекеттік бағдарламасы»

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз өкілеттіктерінің шеңберінде денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар қабылданап, мемлекеттік басқару органдарының қызметін үйлестіреді.

Денсаулық сақтау қызметкерінің кәсіби қызметі азаматтардың құқықтарын шектейтін болса, ондай қатынастар тек заңмен реттелуі тиіс.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

#### **5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

1. Денсаулық сақтау саласының қызметі қандай құжатқа негізделген?
2. Медициналық стандарттар қандай мақсатта қабылданады?
3. Денсаулық сақтау саласында қолданыстағы қандай заңды құжаттарды білесіздер?

#### **1. Тақырып №10.Медициналық алдын алудың құқықтық негіздері. Covit-19 алдын алу шаралары.**

**2. Мақсаты:** Студенттердің аурулар профилактикасының құқықтық аспектілері туралы білімін жетілдіру.

#### **3.Дәрістің тезистері:**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 150-бабы.

Инфекциялық аурулар эпидемиясының пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізуін шарттары

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың әкеліну және таралу қаупі төнген жағдайда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган Еуразиялық экономикалық одактың кедендей шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тиісті аумақтарда шектеу іс-шараларын, оның ішінде кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметтің және халық өмірінің ерекше жағдайларымен карантин енгізеді.

2. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру бойынша оралымды басшылық жасау төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияға және төтенше жағдайлар жөніндегі аумақтық комиссияларға жүктеледі.

3. Жекелеген объектілерде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин тиісті аумақтың (көліктегі) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің немесе оның орынбасарларының, сондай-ақ ведомстволық

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/19
Дәріс кешені	24 беттің 18 беті

объектілерде - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының шешімімен енгізіледі (тоқтатылады).

4. Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін және пайда болу мен таралу қатері төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілейді.

151-бап. Инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен улану оқигаларын тіркеу және тексеру 1. Инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланудың барлық оқигалары, олардың анықталған жері бойынша денсаулық сақтау үйімдарының тіркеуге алуына, мемлекеттік санитариялық- эпидемиологиялық қызмет органдары мен үйімдарының мемлекеттік есепке алуына және есептілікті жүргізуіне жатады. Көрсетілген аурулар мен улану оқигаларын тіркеу, есепке алу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есептілікті жүргізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

2. Инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен халықтың улану оқигалары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының тексеру жүргізуіне жатады. 152-бап. Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар

1. Инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алу мақсатында дара кәсіпкерлер, жеке және занды тұлғалар эпидемиологиялық көрсетілімдер мен санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының нұсқамалары, қауулары бойынша инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын жоюға (дезинфекция), жәндіктерді, басқа да буын аяқтыларды жоюға (дезинсекция) және кеміргіштерді қыруға (дератизация) бағытталған шаралар кешенін өз қаражаты есебінен жүргізуге міндетті.

2. Төтенше эпидемия жағдайлары пайда болған кезде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұсынуы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен кезектен тыс міндетті дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Адамның инфекциялық және паразиттік аурулары ошактарындағы және инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошактарындағы ошактық дезинфекцияны, дезинсекцияны, дератизацияны санитариялық-эпидемиологиялық қызмет үйімдары және медициналық үйімдар инфекциялық және паразиттік аурулардың профилактикасы және (немесе) оларды жою мақсаттарында жүргізеді.

25-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ 153-бап. Аурулар профилактикасының мақсаты мен түрлері

1. Аурулар профилактикасының мақсаты аурулардың пайда болуының немесе өршуінің, сондай-ақ олардың зардаптары мен асқынуының алдын алу болып табылады.

2. Аурулар профилактикасы бастапқы, қайталама және жалғаспалы болып бөлінеді. Аурулардың бастапқы профилактикасы (жаппай және жеке) аурулардың пайда болуының алдын алу мақсатында тіршілік ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Аурулардың қайталама профилактикасы аурулардың ерте сатыларында өршуінің және олардың зардаптарының алдын алуға бағытталған. Аурулардың жалғаспалы профилактикасы өршіп кеткен асқынуды, ағзалар мен тіндердің закымдануын бақылауға бағытталған.

154-бап. Саламатты өмір салтын қалыптастыру

1. Саламатты өмір салтын қалыптастыру денсаулықты нығайту және өмір салтымен байланысты аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты ақпараттық қамтамасыз ету, гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу жолымен саламатты өмір салтын насиҳаттауды, дұрыс тамақтануды және аурулардың профилактикасын қамтиды.

2. Саламатты өмір салтын қалыптастыруды денсаулық сақтау субъектілері үекілдегі органның үйлестіруімен және әдістемелік басшылығымен басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп, халықаралық үйімдар мен қоғамдық бірлестіктердің катысуымен қамтамасыз етеді.

155-бап. Медициналық қарап-тексеру

1. Медициналық қарап-тексерудің негізгі мақсаты денсаулықты қалыптастыруға және нығайтуға, ауруларды анықтауға және таралуының алдын алуға, оның ішінде кәсіптік аурулардың, уланулардың,

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 19 беті</p>

жазатайым оқигалардың алдын алуға, сондай-ақ ұйымдар қызметкерлерінің, қандай да бір шаруашылық және (немесе) өндірістік қызметті жүзеге асыратын адамдардың еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын сактауды қамтамасыз етуге бағытталған уақытылы медициналық зерттең-қарауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Медициналық қарап-тексеру міндетті және профилактикалық болуы мүмкін.
3. Міндетті медициналық қарап-тексерулер алдын ала, мерзімдік және ауысымалды болып бөлінеді. Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеру кәсібі немесе окуы бойынша міндеттерін орындауга жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу мен инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жұмысқа тұру немесе окуға тұсу кезінде жүргізіледі. Мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексеру жұмыс істеушілердің денсаулық жағдайын динамикалық байқауды қамтамасыз ету, аурулардың бастапкы белгілерін уақытыла анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу мен инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі. Ауысымалды міндетті медициналық қарап-тексерулер жеке тұлғада аурудың барын немесе жоғын анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ еңбекке уақытша қабілетсіздігін, шығатын ауысымындағы жұмысқа кәсіптік жарамдылығын айқындау мақсаттарында жүргізіледі.
4. Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ осы қарап тексеруді өткізуін тәртібі мен кезенділілігін үекілетті органмен келісу бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілейді.
5. Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының денсаулық сактау саласындағы заңнамасына сәйкес мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын қызметкерлердің осындағы қарап-тексеруден уақытылы өтүін қамтамасыз етеді.
6. Профилактикалық медициналық қарап-тексеру жаппай және іріктелген болып бөлінеді. Жаппай профилактикалық медициналық қарап-тексеру ауруларды ерте сатыларында анықтау және аурулардың өршүінің, аурулардың пайда болуына әсер ететін қатер факторларының алдын алу, халықтың денсаулығын қалыптастыру және нығайту мақсатында халықтың нысаналы топтарына жаппай әдіспен жүргізіледі. Ирікте медициналық қарап-тексеру белгілі бір аурудан зардап шегетін немесе қатер тобына жататын азаматтарды динамикалық байқау, олардың ауруларын емдеу және денсаулығын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.
7. Профилактикалық медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осындағы қарап-тексеруді өткізуін тәртібі мен кезенділілігін үекілетті орган олардың тиімділігі, қауіпсіздігі және экономикалық тұрғыдан орындылығы туралы дәлелденген ғылыми деректер негізінде белгілейді.
8. Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне сәйкес осындағы қарап-тексеруге жататын адамдардың профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтүі үшін жағдай жасайды.
9. Жұмыс берушілер міндетті медициналық қарап-тексеруден өтпеген немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өтпеген адамдарды жұмысқа жібермеуге тиіс.
10. Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу мен жүргізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындаиды.
11. Міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексерудің уақытылы өткізуі мен оны уақытылы өтуді халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында, медициналық қызметтер көрсету саласында қызметтін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және еңбек жөніндегі үекілетті органның мемлекеттік еңбек инспекторлары бақылайды.
- 157-бап. Инфекциялық емес аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулардың және жарақаттанудың профилактикасы
- 158-бап. Психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділіктің профилактикасы
- 159-бап. Темекі бұйымдары мен алкогольді тұтынудың профилактикасы және оны шектеу
- 160-бап. Темір тапшылығы жай-күйінің
- 161-бап. Йод тапшылығы ауруларының профилактикасы

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 20 беті</p>

#### 4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

5. Эдебиет: 1-қосымшаны қара

#### 6. Бақылау сұраптары (көрі байланыс):

1. Аурудың алдын алуға негіз болатын басты құжатты атаңыз.
2. Аурудың алдын алуда медициналық тексерудің маңызы неде?
3. Аурудың алдын алудың мақсаты неде?
4. Профилактиканың қандай түрлерін білесіздер?

#### 1. Тақырып №11. Халықаралық медициналық құқық: тарихы және даму перспективасы.

2. Мақсаты: Студенттердің Халықаралық құқықтың даму перспективасы жайлы білімін жетілдіру.

#### 3. Дәрістің тезистері:

Азаматтардың денсаулығына құқығы адамның басқа құқықтарынан айырмашылығы, әлемдік қауымдастық елдерінің құқықтық актілерінде, соның ішінде конституцияларында салыстырмалы түрде жақында бекітілген. Откен ғасырдың ортасына дейін дүние жүзіндегі мемлекеттердің конституцияларында азаматтардың денсаулығына құқығы туралы айтылмаған, дегенмен басқа да көптеген құжаттарда адам құқықтары жарияланған болатын.

Денсаулық құқығы адамның негізгі құқықтарының бірі ретінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін алғаш рет халықаралық-құқықтық актілерде жарияланды. 1956 жылы Дубровник қаласында (Югославия) откен Халықаралық құқық ассоциациясының конференциясында Халықаралық медициналық құқық комитеті құрылды. Бұл құқық саласының негізгі мазмұны ретінде Комитет соғысты ізгілендіруге, соғыста зардал шеккендерге медициналық көмек көрсетуге бағытталған нормаларды қарастырды. Эсіресе бұл нормалар Халықаралық құқық қауымдастырының 47-ші конференциясында қабылданған қарапда көрсетілген. Резолюцияда халықаралық медициналық құқықтың негізгі мақсаты «қарулы қақтығыстар құрбандарын тиімдірек қорғаудың құқықтық кепілдігін күшету» екені атап көрсетілген.

Халықаралық медициналық құқық – денсаулық сақтау және медицина мәселелері бойынша мемлекетаралық қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтың бір бөлігі. Негізгі міндет – негізгі заңнамамен және басқа да құқықтық актілермен реттелетін, бүкіл халыққа қажетті медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін және аурулардың профилактикасы мен диагностикасын қамтамасыз ететін денсаулық сақтау жүйесін, аналардың денсаулығын қорғаудың арнайы шараларын, балалар мен қарт адамдарға, сондай-ақ «ауаның және судың ластануының алдын алуға, радиация мен шудан қорғауға, тамақ өнімдері мен қоршаған органдың сапасын бақылауға, алкоголизм мен нашақорлықпен құрсуге» бағытталған жалпы шаралар. Денсаулыққа құқықты қамтамасыз ету міндеттеріне сондай-ақ атом электр станцияларына тікелей жақын жерде тұратын адамдардың денсаулығын қорғау; ЖҚТБ-ның таралуын болдырмау шаралары; денсаулық сақтау жүйесін құру; денсаулықты нығайту және адамдардың өз денсаулығына жеке жауапкершілік сезімін дамыту бойынша кеңес және білім беру қызметтерін көрсету; мүмкіндігінше эпидемиялық, эндемиялық және басқа да аурулардың таралуына жол бермеу; сонымен қатар барлық бастауыш және орта мектептерде жалпы денсаулық сақтау қызметтерінің болуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ көрсетілетін медициналық көмектің сапа стандарттары, тағамның сапасы және т.б. да бақылау нысандары болып табылады.

Денсаулыққа кепілдік беретін және медициналық қызметтерге тең қолжетімділікті қорғайтын БҰҰ-ның халықаралық-құқықтық құжаттары жеке құқық

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 21 беті</p>

субъектілерін қорғауға арналған, мысалы, ақыл-ойы кем адамдардың құқықтары туралы Декларация (1971 ж.), Мүгедектердің құқықтарын қорғайтын Декларация (1975), Бала құқықтарының Декларациясы (1989).

1948 жылы қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы әлемдік қауымдастықтың барлық мүшелері құрметтеуге тиісті құқықтар мен бостандықтардың нақты тізімін бекітті. Декларацияның 25-бабына сәйкес әркімнің өзінің және отбасының денсаулығы мен әл-ауқаты үшін жеткілікті өмір сұру деңгейіне, оның ішінде тағамға, киімге, тұрғын үйге, медициналық көмекке және қажетті әлеуметтік қызметтерге құқығы бар, сонымен қатар жұмыссыздықтан, аурудан, мүгедектікten, жесірлікten, кәріліктен немесе өзіне байланысты емес мән-жайларға байланысты басқа да күнкөріс құралдарын жоғалтқан жағдайда мемлекеттен көмек алуға құқы бар. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 25-бабы лайықты өмір сұру деңгейінің екі құрамдас бөлігін – денсаулық пен әл-ауқатты айқындайды. Адамның денсаулығы тамақсыз, киімсіз, баспанасыз, яғни белгілі бір деңгейде әл-ауқатсыз мүмкін емес екені анық. Сонымен бірге адам денсаулығы тікелей медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, ал денсаулығын жоғалтқан жағдайда оны дұрыс қалпына келтірудің кепілі ең алдымен медициналық көмек болып табылады.

#### 4. Иллюстрациялық материал: слайдтар

#### 5. Әдебиет: 1-қосымшаны қара

#### 6. Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

- Халық денсаулығын реттейтін қандай халықаралық нормативтік-құқықтық актілерді білесіз?
- Халықаралық медициналық құқықтың негізгі міндеті қандай?
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қашан қабылданды?

**1. Тақырып №12. Адам ағзалары мен тіндерін трансплантау бойынша медициналық қызметтің құқықтық негіздері.**

**2. Мақсаты:** Студенттерді транспланология ғылымы туралы және оны құқықтық реттеудің ерекшеліктері жайлы білімін қалыптастыру.

#### 3. Дәрістің тезистері:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс

27-тарауы. Тіндерді және ағзаларды трансплантау.

169-бап. Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантау және оларды алу шарттары

170-бап. Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) трансплантау тәртібі

171-бап. Донор мен реципиенттің құқықтары

28-тарау. Адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, қаны мен оның компоненттерін, жасушаларының, тіндерінің, биологиялық сұйықтықтары мен сөлдерінің үлгілерін әкелу, әкету

172-бап. Адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін әкелу, әкету үшін негіздер

173-бап. Адамның қаны мен оның компоненттерін, жасушаларының, тіндерінің,

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/19
Дәріс кешені	24 беттің 22 беті

биологиялық сүйықтықтары мен сөлдерінің үлгілерін әкелу, әкету үшін негіздер 174-бап. Адамның ағзаларын (ағзаларының бөліктерін) және (немесе) тіндерін, қан мен оның компоненттерін әкелудің, әкетудің тәртібі. «ҚР тіндерді және ағзаларды транспланттау бойынша медициналық қызметтерді және донорлар мен реципиенттерге медициналық көмектің басқа да түрлерін көрсетуді үйымдастыру стандарттарын және Тіндерді және ағзаларды алу, дайындау, сақтау, консервациялау және тасымалдау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 13 бұйрығына сәйкес тірі донор болуга ниетті адам транспланттау бойынша қызметтер көрсететін денсаулық сақтау үйымына тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) алуға және оларды (оны) Кодекстің 169-бабы 4 және 5-тармақтарының орындалуы шартымен әлеуетті реципиентке өтеусіз беруге нотариаттық куәландырылған келісімін ұсынады. Нотариаттық куәландырылған жазбаша келісімді кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамдарының заңды өкілдері ұсынады. Транспланттау бойынша қызметтер ҚР аумағында заңды тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға халықтың көші-қон саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

Көрсетілген адамдардың ҚР аумағына келу заңдылығы транспланттау бойынша қызметтер көрсететін денсаулық сақтау үйымына жеке басын куәландыратын құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмелерін, ҚР визасының немесе иммигрантты уақытша тіркеу туралы анықтаманың немесе иммигрантты тіркеу туралы телқұжатқа қосымша параптың немесе көші-қон карточкасындағы белгінің көшірмелерін ұсыну арқылы расталады. Тіндерді және ағзаларды (ағзалардың бөлігін) адамның мәйітінен транспланттау бойынша қызметтер шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға көрсетілмейді. Транспланттау бойынша қызметтер, сондай-ақ, жан-жақты медициналық зерттеп-қарауды қоса, медициналық көмек Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, сондай-ақ, Қазақстанның аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Кодекске сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМКК) шенберінде, транспланттау бойынша клиникалық хаттамалардың негізінде көрсетіледі.

Тіндерді (тіннің бөлігін) және (немесе) ағзаларды (ағзалардың бөлігін) әлеуетті тірі донордан алу және транспланттау бойынша қызметтер көрсету туралы шешім жан-жақты медициналық зерттеп-қарау нәтижелері немесе әлеуетті донордың әлеуетті реципиентпен тіндік үйлесімділігі мен консилиумның оң қорытындысы негізінде қабылданады. Қазақстан Республикасының аумағында транспланттауды үйлестіруді үйлестіру орталығы жүзеге асырады.

#### **4. Иллюстрациялық материал: слайдтар**

#### **5. Эдебиет: 1-қосымшаны қара**

#### **6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):**

- 1.Адам ағзалары мен тіндерін транспланттау бойынша медициналық қызметтің құқықтық негіздері қандай заңды құжатта көрсетілген?
2. ДСМ-нің 2019 жылғы 26 наурыздағы № 13 бұйрығы қандай мақсатта қабылданды?
3. Тірі донордан тіндерді немесе ағзаларды алу үшін қандай құжаттар қажет?
4. Транспланттау үшін шешімді кім шығарады?

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 23 беті</p>

№ 1-қосымша

### Негізгі әдебиеттер:

1. Қошқарбаев, Е. Қ. Медициналық құқық [Мәтін] : оқу құралы / Е. Қ. Қошқарбаев ; ҚР БФМ. - ; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚАЗҰМУ баспаға ұсынған. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 306 бет.
2. Қошқарбаев, Қ. Қ. Медициналық құқық: оқу құралы ЖК "Ақнұр", 2013.
3. Семёнов, В. Ю. Экономика здравоохранения [Текст] : учебное пособие / В. Ю. Семёнов. - 2-е изд., перераб.; Рек. Учебно-методич. объед. по мед. и фармацевт. образ. вузов России. - М.: МИА, 2014. - 1000 с.
4. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Текст]: учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - 2-е изд., испр. и доп; Рек. ГОУ ВПО "Моск. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 608 с.

### Қосымша әдебиеттер:

1. Дәрігер мамандығына кіріспе. Клиника, құқық, этика және коммуникация негіздері [Мәтін] : оқулық / М.А. Асимов [және т.б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҮР, 2019. - 232 бет.
2. Введение в профессию врача. Основы клиники, права, этики и коммуникации [Текст] : учебник / М. А. Асимов, Г. О. Оразбакова . - Қарағанды : АҚНҮР, 2019. - 244 с.

### Электронды басылымдар:

1. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]: учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM). - 15523.00 тг.
2. Медик В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]:учебник / В. А. Медик., В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 МБ). - М.: Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM)
3. Менеджмент в здравоохранении.Сыздыкова К.Ш., Тулебаев Ж.С., Рыскулова А.Р., 2019/<https://aknurpress.kz/login>
4. Міндетті медициналық тексерулерді үйимдастыру мен жүргізуудің негізгі ережелері.Тлеубергенов Ж., 2020/<https://aknurpress.kz/login>
5. Медициналық құқық. Қошқарбаев Е.Е. , 2014/<https://aknurpress.kz/login>
6. Медицинское право Республики Казахстан [Текст]: учеб. пособие / К. С. Мауленов, Б. Н. Мауленова; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2019. - 204 с. - 100 (таралым). -.http://elib.kaznu.kz/
7. Мұхамбеков М.М.Денсаулық сақтаудағы менеджмент: Оқу құралы / М.М. Мұхамбеков -Алматы: «Эверо» баспасы, 2020 ж. - 348 бет. [https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/626/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/626/)
8. Бөлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық /М.Ә. Бөлешов.- Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет.[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/674/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/)
9. Токкулиева Б.Б.Денсаулық сақтаудағы экономика және қаржыландыру негіздері.Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 192 бет.[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/453/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/453/)

<p>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN  <b>MEDISINA</b>  <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN  <b>MEDICAL</b>  <b>ACADEMY</b>  АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>«Өлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы</p>	<p>044-58/19</p>
<p>Дәріс кешені</p>	<p>24 беттің 24 беті</p>

10. Касымова Б.Т.Денсаулық сақтау экономикасы – Оқу құралы/Б.Т.Касымова,Қ.М. Сисенгалиева, Л.К. Магзумова. – Алматы; Эверо, 2020. –260 бет.[https://www.elib.kz/ru/search/read\\_book/849/](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/849/)